

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 197а қаулысы

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:
көрсетілген қаулыға 357-қосымшада:

2-тармақ "Қазақстан Республикасының Заңы" деген сөздерден кейін "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңы, "Байланыс және хабар тарату ұлттық геостационарлық спутнигін жасау және ұшырудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1355 қаулысы" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақ "қамтамасыз ету" деген сөздерден кейін "ұлттық байланыс және хабар тарату спутниктік жүйесін дамыту" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақ "радиоқабылдау" деген сөздің алдынан "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталының бір бөлігін қалыптастыру," деген сөздермен толықтырылсын;

6-тармақтың кестесіндегі 5-бағанда "Республикалық электромагниттік сәйкестік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын қалыптастыру" деген сөздер "Ғарыштық байланыс және радиоэлектрондық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі республикалық орталығы" акционерлік қоғамының 10 000 есе айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жарғылық капиталының бір бөлігін қалыптастыру" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы